

Сабақтың тақырыбы:

Тамырын жайып тереңге

Мақсаты; оқушыларға отбасы,отбасы құндылықтары ,отбасына сүйіспеншілік құндылығына баулу;

Міндеттері:

- отбасы құндылығы,отбасы бақыты туралы білім беру;
- туған үйлері мен отбастарына деген сүйіспеншіліктерін дамыту;
- туған үйі мен отбасын құрметтеуге,ардақтауға,бағалай білуге тәрбиелеу;





Тыныштық сәті


- Сәлеметсіздер ме, балалар! Күнім сәтті болсын!

*Әдеттегідей сендермен көзесіп тұрғаныма рақымшымын.
Қараңдаршы, бәйі сендердің ауынышы бірі. Бір ңа күлме қарап
жайдары ақжарқын болып тұрсыңдар. Сендердің көздеріңнен
мейрімділіктің, жақсылықтың, қамқорлықтың, сүйіспеншіліктің
белгісін көріп тұрмын.*

Үй тапсырмасын тексеру.


“Боз орамал” мәтіні

- Әңгімені оқығанда қандай сезімде болдыңыздар?
- Жасөспірімнің ата-анасынан қол үзіп кетуінің себебін қалай түсіндірер едіңдер?
- Оның сағынышының сыры неде?
- Ата-анасының баласына деген сезімін қалай түсіндіресің?



Адамға ең қымбаты-отбасы.Отбасында сүйіспеншілік, сыйластық,татулық,бауырмалдық болғанда ғана бірлік болады.Ата-ана отбасының ұйытқысы десек,бала отбасын берік ұстауға қажетті алтын дiңгек.

Әрбір бала өз ата-анасын қадірлеп, Отанына,туған жеріне деген сүйіспеншілікпен қараса,болашақта өз-өзін танумен қатар,өміріне нық сеніммен қадам басады.





Дәйексөз

Әке – асқар тау,

Ана – ағып жатқан бұлақ,

Бала – жағадағы құрақ

Халық нақылы.



Әңгімеллеу

Аңыз:

“Ана махаббаты”



Шығармашылық жұмыс


1. Мен үшін ананың ...қымбат



2. Мен үшін әке



3. Отбасындағы бала



Ардақта



ата-анаңды.

“Менің отбасым-бақытты” пікірталас



1. Отбасы бақытты болу үшін не керек?
2. Отбасы құндылығына нелер жатады?
3. Жақындарыңа деген сый-құрметіңді қалай білдіресің?
4. Отбасыңмен пікірлес, көзқарас, бір шешім қабылдау, өзара түсіністік бола ма? Қалай?
5. Үлкендердің ризашылығын қалай алуға болады?





Топпен ән айту

Қ.Нұртастың “Әкеге арнау” әні

**Отқа түстің,суға түстің мен үшін
Енді міне бағың берді жемісің
Бала қыран шыңға шықса бұл күнде,
Мұның бәрі әке сенің жемісің**


Анашымды отырғызып жаныңа,

**Той берейін салып алақаныма
Ей адамдар шүкіршілік етіңдер
Мына өмірде әкелерің барына
Тек әкелер сендер ғана лайықсың
Хан сарайы патша тағына**

**Алатаудай қадірін білесің бе?
Арманыңмен ұлдарың жүр өсуде
Алтын шапан кигізем де - аз саған
Айтшы әке не істей алам сен үшін?**

**Ана жұмақ, әке жұмақ қақпасы
Бұлар жаққа бұрсандаршы ат басын
Бір күндері жұмақ іздеп барғанда
Қапа болып қақпа ашылмай жатпасын**





- Анаңның сүйіп жасайтын жұмысы не?
- Анаңның туған күні қашан?
- Үйдегі адам саны қанша?
- Бауырың неше жаста?
- Үйде ыдысты кім жуады?
- Үйді кім жинастырады?
- Таңертең сені кім оятады?
- Әкеңнің туған күні қашан?
- Отбасыңда қандай мерекелерді атап өтесіңдер?
- Отбасыңдағы құндылықтар нелер деп ойлайсың?



Үйге тапсырма

*Ана, әке, аға, апа, достар жөнінде
мақалдар жазып келу
тапсырылады.*






Соңғы тыныштық сәті.



Көзімізді жұмып, бір сәт баяу музыканы тыңдап, осы сабақтан алған әсерімізді жүрегімізге түйіп алайық. Отбасындағы өзара қарым-қатынас сыйластыққа, құрметке, қайырымдылыққа құрылуы тиіс. Отбасының әрбір мүшесі бір-бірінің алдындағы парызы мен борышын, жауапкершіліктерін сүйіспеншілікке негізделген жағдайда шаңырақта шаттық, қуаныш, түсіністік орнайды. Әрбір перзент ақылды болса, дана болса, ата-анасының мейір-махаббаты үшін ештеңені орындаудан бас тартпайды...



Сабақ аяқталды, сау болыңыздар.







Әңгімелесейік

- 1. Адам қай уақытты ата-анасының үмітін ақтай алады?*
- 2. Өзің шеше алмаған мәселелерді ата-анаңмен еркін бөлісе аласын ба?*
- 3. Анаң немесе әкең қай уақытта саған риза болады?*



Ойланайық

Мәтінмен жұмыс

Б. Соқпақбаевтың
“Менің атым Қожа” повесінен
үзінді оқу



**Әкенің адам өмірінде алатын орны қандай?*

**«Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деген мақалдың мағынасын түсіндіріңдер?*



Сөзжұмбақ



| | | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

1.Қой дегенде бар, лақ дегенде жоқ,
Ойда бар, бақта жоқ

2.Рәміздің бірі

3.Еңбек құралы


4.Ең жақын адам

5.Уақытты немен білеміз?



6.Ырыс алды
ынтымақ

Жұмбақ шешу

Маған да,саған да
Жақын туыс бес адам.
Үш әріптен тұратын
Оңға оқы,солға оқы
Өзгермейді еш одан
Бәріде өз жұртың,
Айтады кәне кім атын?



Топтастыру





Ата-ана туралы дана сөздер:

Ұл-қыз ата-анасын, үлкендерді қуанышқа бөлеп, бақытқа кенелтсем десе, алдымен әдепті болулары керек. Өз жұмыстарын адал да тыңғылықты атқарса, ата-ананың ұл-қызы болып өседі



Адал жеміске, ата-ана жеміс ағашына ұқсайды, Жеміс ағашын жақсы қарап күткендей, ата-анаңды аялап бақсаң, армандарың орындалады.



Сәби шағында олар өзіңді қалай бағып-қақса, қартайғанда оларды да солай алақанға салып, аялап күту керек.



Ата-ананың қадірін білмеген халық қадірін білмейді.



Ата-ананың көңілін еш ренжітуші болма, олардың жүрегіне қайғы түсіруші болма.



Түн ұйқысын төрт бөлген, түнде бесік таянып, түнде шошып оянған ананың ақ мейірімін ерекше бағаламасаңдар, ол-қорлық



Ата-анасын ұмытқан бала опасызы, рахымсыздың рахымсызы



Кейбір тәрбиесіз, арсыз балалар ата-анасына қарсы сөйлеп, тыңдамай жатады. Ондай Қылықтардан аулақ болып ана, әке, апа, қарындас туыстарыңды сыйлап жүріңдер. Әкелің, қамқоршың, асқар тауың. Ана-жарық дүниеге әкелуші.



Көрініс:
Қарт пен бала әңгімесі



Қарт




Өмірде не жетім

- 1.Өмірде ата-анасы жоқ болса, бала -жетім.
- 2.Халқына сенімсіз болса, хан –жетім
- 3.Суы жоқ- құдық жетім
- 4.Досы жоқ жігіт- жетім
- 5.Шәкіртсіз ұстаз –жетім
- 6.Қызы жетесіз болса, ана- жетім
- 7.Ата-ана ақылы жерде қалса,
бәрінен де сол жетім



Ата-ана туралы хадістер



Ей, перзентім! Ойыңа тоқып ал, ата-анаға құрмет, ізет қылуды мойынға алу ләзім. Себебі баланың түп негізі ата-ана болып табылады.

Ата-анамды не үшін құрметтеймін дегенді ойыңа алушы болма. Олар сен үшін өлуге де дайын тұрады. Сен соны білуің керек.

Сен ата-ананың еңбегін дін жағынан да өтей алмасаң да ақыл санаңмен, адамгершілікпен өте. Кімде-кім ата-анасын разы еткен болса, ол жақсы. Алла тағала оның өмірін ұзартады.

Борыш-ата-анаға ұстаздар мектебіне қызмет жасап, әкенің еңбегін, ананың ақ сүтін өтеу.

Құретті әке-шеше атыңа кір келтірмеуге ант етемін!

жалғасын тап-ойыны

- 1.Атаға қарап-...
Анаға қарап-...
- 2.Ананың көңілі балада,...
- 3.Ата-ананың қадірін ...
- 4.Атаның баласы болма ...
- 5.Баланың жақсысы қызық ...
- 6.Ұядан не көрсе,...
- 7.Қарағайға қарап.....
Отбасына қарап



жарайсың



Балаларға жұмбақтар шештіру

Әлпештеп өзіңдей өсірген

Нағашы әжеңнің баласы

Төріндежалпыып көсілген

Бұл күнде жиеннің анасы Ол кім?

Аймалайды күнім деп

Мейірімді жүзі күлімдеп

Тәтті-ақ дейді немере

Бал шырындай үнің деп Ол кім?

Айтары мол ғұлама

Көп жасаған бұл адам

Әкесі ол әкеңнің

Білер оны сұраған Ол кім?

Атаңның баласы

Кей кезде таласып

Қаласың әжеге

Білгенің асады кәдеге Ол кім?





Түйіндеме




«Ата-анамды не үшін құрметтеймін» дегенді ойыңа алушы болма. Олар сен үшін өлуге де даяр тұрады... Соны сен білуің керек.

Әрбір перзент ақылды болса, дана болса, ата-анасының мейір-махаббаты үшін ештеңені орындаудан бас тартпайды... Ата-ананың міндеті-сені тәрбиелеп, өсіру және жақсылыққа үйрету.




Ата-анаңның алдында шыншыл бол. Ата-анаңның құптауынсыз істеуге болмайтын нәрсеге олардың ризашылығын ал.

Кабуснамадан





"Кел, жақынырақ танысайық!"



"Ойын"

Балалар шеңбер жасап тұрайық, өз бойларыңдағы жақсы қасиеттеріңді ой елегінен өткізіңдер, содан кейін өз аттарыңды атап өзіңнің жақсы қасиеттерің туралы кезек-кезек айтып беріңдер.



Тапсырма

1. Анаңа ауыр сөз айтпа,

Атаңа ауыр жүк артпа.

2. Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің.

Ағайынның қыдірін жалалы болғанда білерсің.



Дәптермен жұмыс:

3. Ата-ананың қадірін білмеген-халық қадірін білмес.

«Ата-анам- берік қорғаным» тақырыбында эссе жазу.



Анама ақ тілек

Ой- толғаныс. Аналарына
гүл ұсынып, тілектерін
айтады.




Қорытынды

- Не тәтті ? **Ананың сүті**
- Не жұмсақ ? **Ананың қолы**
- Кім жақын ? **Тату болса ағайын жақын,
Бауырмал болса, інің жақын**
- Не қымбат ? **Алтын ұяң Отаның қымбат,
Құт – береке атаң қымбат.
Аймалайтын анаң қымбат,
Бәрінен де ұят пенен ар қымбат**



**Қайырымды жандар айнала
Шеңберге келсін жайлана.
Жалықпастан қайта біз,
Жылылық сөзін айтамыз.
Сүйеміз барлық ананы,
Жүрегім оттай жанады.
Бақыттымыз осы біз,
Қасымызда досымыз.**

Жүректен жүрекке



Тыңдағандарыңызға рахмет!

Әзі тану пәні мұғалімі: Аяжан Бокырова. Родниковка орта мектебі.

